

БЕКІТЕМІН:

«Жетісу облысы білім басқармасының
Текелі қаласы бойынша білім бөлімі» ММ
«№2 бөбекжай-балалар бақшасы» МКҚК-нің
меңгерушісі Е.А. Жаксыбекова

« 31 » 2023ж.



Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2023- 2024 оқу жылына арналған музыкалық ұйымдастырылған іс-әрекеттің ересек топқа арналған ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ

Музыка жетекшісі: А.Ш.Майснер

Топ: «Ботакан» ересек тобы

Балалардың жасы: 4 жастан бастап

Жоспардың құрылу кезеңі: қыркүйек айы 2023 жыл

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|----------|---------------------------|---|
| Қыркүйек | Музыка | 1. Музыка тыңдау: мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдау); 2. Ән айту: мәнерлеп айтуға үйрету, әнді созып (ре-си бірінші октава шегінде), әуенімен келтіріп айту; 3. Бірғақты би қимылдары: ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру; 4. Аспапта ойнау: таныс әндерді орындауда балаларға арналған түрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану. |

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|-----|---------------------------|---|
|-----|---------------------------|---|

| | | |
|--------|--------|--|
| Қазан | Музыка | <p>1.Музыка тыңдау:музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс музыкалық шығармаларды білу;</p> <p>2.Ән айту:қимылдармен үйлестіріп орындауға үйрету;</p> <p>3.Ырғақты би қимылдары:марш сипатын ырғақты жүріспен беру, ырғақты сезіну;</p> <p>4. Аспапта ойнау:ағаш қасықтармен, сылдырмақтармен қарапайым әуендерді ойнау.</p> |
| Қараша | Музыка | <p>1.Музыка тыңдау: кезінде тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеуге дағдыландыру;</p> <p>2.Ән айту қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту;</p> <p>3. Ырғақты би қимылдары:музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру, музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіру, қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып жүрелеп отыру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту;</p> <p>4. Аспапта ойнау:ағаш қасықтармен, сылдырмақтармен қарапайым таныс әуендерді ойнау.</p> |

| | | |
|-----|---------------------------|---|
| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|-----|---------------------------|---|

| | | |
|-----------|--------|--|
| Желтоқсан | Музыка | <p>1. Музыка тыңдау: музыкалық шығараманың мәнерлі құралдарын байқауға (ақырын, қатты, баяу, жылдам) үйрету;</p> <p>2. Ән айту: әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету;</p> <p>3. Ырғақты би қимылдары: музыканың ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіру, музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау, мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу;</p> <p>4. Аспапта ойнау: барабан және металлофонмен қарапайым әуендерді ойнау, ырғақтар соғу.</p> |
| Қаңтар | Музыка | <p>1. Музыка тыңдау: музыканы тыңдай отырып жоғарғы дыбыстарды (секста, септима шгінде) ажырата білу;</p> <p>2. Ән айту: аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу (тәрбиешінің көмегімен);</p> <p>3. Ырғақты би қимылдары: би билеуде музыканың кіріспесін ажырату, кіріспеден кейін қимылдарды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би қимылдарын есте сақтау;</p> <p>4. Аспапта ойнау : барабан және металлофонмен қарапайым әуендерді ойнау, ырғақтар соғу.</p> |

| | | |
|-------|---------------------------|---|
| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
| Ақпан | Музыка | <p>1. Музыка тыңдау: музыканы тыңдап, әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу;</p> <p>2. Ән айту: ән айтуда топпен бірге бастап бірге аяқтауға дағдылану;</p> <p>3. Ырғақты би қимылдары: билеуде жеңіл ырғақпен қозғалу, жұппен би қимылдарын орындау, билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану;</p> <p>4. Аспапта ойнау: домбыра, сазсырнай, асатаяқ аспаптарында қарапайым әуендерді ойнау.</p> |

| | | |
|--------|--------|---|
| Наурыз | Музыка | <p>1.Музыка тыңдау:музыка тыңдауда ұлттық домбыра аспабының үнін қабылдау, домбырада орындалған әндер мен күйлерді тыңдау;</p> <p>2.Ән айту: әнді мәнерлеп орындауды, қимылмен үйлестіріп орындауды одан әрі жетілдіру;</p> <p>3.Ырғақты би қимылдары: қазақтың ұлттық би өнерімен таныстыру, «Қамажай» биін үйрету;</p> <p>4.Аспапта ойнау:домбыра, сазсырнай, асатаяқ аспаптарында қарапайым әуендерді ойнау.</p> |
|--------|--------|---|

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|-------|---------------------------|--|
| Сәуір | Музыка | <p>1.Музыка тыңдау:музыка тыңдай отырып, таныс шығармаларды ажырату, алған әсерлерін әңгімелеп айту;</p> <p>2.Ән айту: ән айтуда дауысты айқайламай, еркін шығаруға дағдылану, бір-бірін тыңдап орындау;</p> <p>3.Ырғақты би қимылдары: музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шеңбер бойымен ән айтып жүріп қимылдарды өзгерту;</p> <p>4.Аспапта ойнау:балалар музыкалық аспаптарын тану, атау, есте сақтау.</p> |

| | | |
|-------|--------|--|
| Мамыр | Музыка | <p>1.Музыка тыңдау:музыка тыңдауды қимыл көрсету арқылы сүйемелдей отырып, музыкалық бейне мен қимыл тәжірибесінің арақатынасын анықтау;</p> <p>2.Ән айту: әнді өз нақышында, мәнерлі, ырғақты қимылмен орындау дағдыларын бекіту;</p> <p>3.Ырғақты би қимылдары: билеуде шапшаңдық пен ептілік таныту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын бере білу, атрибуттармен би қимылдарын орындау;</p> <p>4.Аспапта ойнау:балалар музыкалық аспаптарын тану, атау, есте сақтау.</p> |
|-------|--------|--|